



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 4 – 11 қазан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2019 жылғы 14 қазан

11 қазандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,2%-ға әлсіреп (388,89-дан), бір АҚШ доллары үшін 389,52 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 4 – 11 қазан аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. АҚШ Президенті Д. Трамп АҚШ пен Қытайдың сауда келісімін жасасуға жақын қалғанын және оған алдағы бес аптаның ішінде қол қойылуы мүмкін екендігін мәлімдеді. АҚГ 15 қазанға жоспарланған Қытайдан әкелінетін тауарларға салынатын баж салығының өсуін (\$250 млрд сомаға 25%-дан 30%-ға) тоқтатты, оған жауап ретінде ҚХР ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуды көбейтеді, АҚШ-пен валюта саясаты және зияткерлік меншікті қорғаудың кейбір мәселелері бойынша уағдаластыққа қол жеткізеді. Федералдық комитеттің АҚШ ФРЖ ашық нарықтары бойынша отырысының хаттамасында қыркүйекте инфляциялық қысымның аздап болғандығы атап өтілген. Сонымен бірге ЕОБ-ның негізгі мөлшерлемелер бойынша қыркүйектегі отырысының қорытындысы бойынша отырысқа қатысушылар облигацияларды сатып алуға қатысты айтарлықтай қарсылық (Германия және Франция орталық банктерінің басшыларын қоса алғанда, комитет мүшелерінің үштен бірі санын азайтуға қарсы пікір білдірді) білдірді. Нарыққа қатысушылар Ұлыбритания премьер-министрі Б. Джонсон мен Ирландия үкіметінің басшысы Л. Варадкардың кездесуінен кейін Ұлыбританияның ЕО-дан шығуы жөніндегі келіссөздердің жанданғаны туралы жаңалықты жақсы қабылдады.

Аталған факторлар дамыған елдер валютасымен салыстырғанда АҚШ доллары бағамының әлсіреуіне әкелді.


Дамушы елдердің валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка ранды** АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда келіссөздеріндегі прогрестен жаһандық тәуекел-сентиментінің жақсаруы, сондай-ақ іскерлік сенім индексінің талдаушылардың күтуінен жоғары ұлғаюы туралы деректердің жариялануы аясында 1,8%-ға (15,05-тен 14,78-ге дейін) нығайды;


¹АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

- **Мексика песосы** тәуекел-сентиментінің жаһандық өсуі, Иранның мұнай танкерінің жарылуы туралы хабарлардан мұнай бағасының өсуі аясында 1%-ға (19,51-ден 19,32-ге дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуі аясында 0,7%-ға (64,67-ден 64,19-ға дейін) нығайды. ҚР ОБ Төрағасы инфляциядағы үрдістер ақша-кредит саясатын болжағаннан да жылдам әлсіретуі мүмкін екенін мәлімдеді;
- **Индонезия рупиясы** бір аптада іс жүзінде өзгерген жоқ, 14 138 деңгейінде қалды;
- **үнді рупиясы** мұнай баға белгіленімінің өсуі және бюджет тапшылығының кеңеюі аясында елдің фискалдық орнықтылығының перспективаларына қатысты инвесторлар қаупінің және борыш жүктемесінің өсуі жөнідегі күтулердің аясында 0,2%-ға (70,89-ден 71,02-ге дейін) өсті;
- **Бразилия реалы** қыркүйектегі инфляцияның төмендеуі туралы деректердің жариялануы аясында 1,2%-ға (4,06-ден 4,11-ге дейін) әлсіреді, ол негізгі мөлшерлеменің жылдам төмендеу ықтималдығын арттырады;
- **түрік лирасы** Түркияның Сириядағы күрдтардың қарулы күштеріне қарсы шабуылынан кейін санкциялар енгізу бойынша АҚШ-тың шаралар қабылдайтындығы туралы хабарлар аясында 3,2%-ға (5,7-ден 5,88-ге дейін) әлсіреді. Ағымдағы шот профициті талдаушылардың күтулерінен аз, \$2,6 млрд. дейін ұлғайды.


Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2019 жылғы 4-11 қазан)




Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2019 жылдың басынан бастап 2019 жылғы 11 қазан аралығында)



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2019 жылғы 27 қыркүйек=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)





Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz